

сөздердің сөздердің айтылу. Арнайы жаттығулар балаларға осындай қиындықтарды жеңуге, дикцияны жақсартуға көмектеседі. Жаттығулар үшін мақал-мәтелдер, сөздер, әндер, жұмбақтар, тілдің бұрышы үшін таптырмас материал. Фольклордың шағын формалары қысқа және ырғақты. Олардың көмегімен балалар анық және айқын айтылымды үйренеді, көркем фонетика мектебінен өтеді. К.Д. Ушинскийдің нақты анықтамасы бойынша мақал-мәтелдер "баланың тілін ана тіліне бұруға" көмектеседі [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтарёва С.Г., Храмова М.А., Орлова Н.А., Жогло Н.К. Календарные, фольклорные и тематические праздники: 1-4 классы. – М.: ВАКО, 2006. – С. 368.
2. Алмагамбетова А. Баланың сөйлеу тілін дамытуда халық ауыз әдебиетінің маңызы – https://ziatker.kz/docx/balanyng_soiley_tilin_damytyda_mangyzy_49778.html
3. Дмитриева В. «Учусь говорить правильно» (лепеталки, чистоговорки, стихи и песенки). – М.: Астрель; – СПб «Сова», 2010. – С.96.
4. Кауменова Г.Д. Зияты зақымдалған балалармен ертегі арқылы сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастыру – Дефектология №11, 2011ж. – 21 б.
5. Яковлева Н.Н. Использование Фольклора в развитии дошкольника. – С.– П., «Детство-Пресс», 2011 г.

УДК 376.43
МРНТИ 14.29.21

Л.К. Макина,¹ Ж.К. Мұратбай²

¹ғылыми жетекшісі, п.ғ.д., кандидаты, доцент,
lyazzat.makina@mail.ru, Абай атындағы ҚазҰПУ

²7М019 – Арнайы педагогика бойынша мамандарды дайындау мамандығының
2-курс магистранты, Jazira.mk@mail.ru, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

**ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
КОММУНИКАТИВТІ DAҒДЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа

Сөйлеу тілі таным мен қарым-қатынастың құралы функциясын атқара отырып, зияты зақымдалған оқушылардың әлеуметтенуінің маңызды құралы болып табылады. Тұлға басқа адамдармен қарымқатынаста және ортақ әрекетте қалыптасады және тұлғаның өзі бұл процесстердің өту сипатын айқындайды. Сөйлеу тілі психикалық процесстердің, баланың тұлғасының, ойлауы мен ерік-жігерінің қалыптасуында өте маңызды орынды алады, сол себепті зияты зақымдалған балалардың вербалды коммуникациясын дамыту арнайы педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Мақалада бастауыш сынып жасындағы зияты зақымдалған балалардың коммуникативті дағдыларының қалыптасуы мен ерекшеліктері қарастырылған. Осы мәселе бойынша арнайы психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге шолу жасалған.

Түйін сөздер: зияты зақымдалған балалар, коммуникативті дағды, зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушылары

Макина Л.Х.,¹ Муратбай Ж.К.²

¹кандидат психологических наук, доцент,
lyazzat.makina@mail.ru, КазНПУ им. Абая,

²магистрант 2 курса по специальности 7М019 – подготовка специалистов по специальной педагогике, jazira.mk@mail.ru, КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ КОММУНИКАТИВНЫХ УМЕНИЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С НАРУШЕНИЕМ ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

Речевой язык, выполняя функцию средства познания и общения, является важным средством социализации учащихся с нарушениями интеллекта. Личность формируется в общении и общей деятельности с другими людьми, а сама личность определяет характер протекания этих процессов. Речь занимает очень важное место в формировании психических процессов, личности, мышления и воли ребенка, поэтому развитие вербальной коммуникации детей с нарушениями интеллекта является одной из актуальных проблем специальной педагогики.

В статье рассмотрены особенности и особенности формирования коммуникативных навыков детей младшего школьного возраста с нарушениями интеллекта. Дан обзор специальной психолого-педагогической литературы по данному вопросу.

Ключевые слова: дети с нарушениями интеллекта, коммуникативные навыки, учащиеся начальных классов с нарушениями интеллекта

L.K. Makina¹, J.K. Muratbay²

¹scientific supervisor, candidate of psychological Sciences, associate Professor,
lyazzat.makina@mail.ru, Kazakh National Pedagogical University named after Abay
²a 2st year master student, major in 7M019 – training of specialists in special pedagogy,
jazira.mk@mail.ru, Almaty, Kazakhstan

FEATURES OF COMMUNICATION SKILLS OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS WITH INTELLECTUAL DISABILITIES

Abstract

Speech, acting as a means of cognition and communication, is an important means of socialization of students with intellectual disabilities. Personality is formed in relationships and joint actions with other people, and the personality itself determines the nature of these processes. Speech occupies a very important place in the formation of mental processes, personality, thinking and will of the child, which is why the development of verbal communication of children in this group is one of the most pressing problems of special pedagogy.

The article discusses the formation and features of communication skills of children with intellectual disabilities of primary school age. A review of special psychological and pedagogical literature on this issue has been compiled.

Keywords: children with intellectual disabilities, communication skills, primary school students with intellectual disabilities

Коммуникация (латын тілінен communico – ортақ қыламын, байланыстырамын) – индивидтердің арасындағы ортақ белгілер жүйесі арқылы ақпаратпен алмасу болып табылады. «Коммуникация» термині ғылыми әдебиеттерде ХХ ғасырдың басында пайда болды.

Коммуникация – басқа тұлғаға біздің ойымызды түсінікті ету үшін қажет өзара тәуелді кадамдардан тұратын күрделі үдеріс. Коммуникацияның бір адамнан (трансмиситтер) басқаға (қабылдаушы) белгілі бір мағынада хабарлау мақсатында ақпаратты беру процесі болып табылады.

Коммуникацияны зерттеу антикалық дәуірден, Ежелгі Грециядағы полистік жүйеден басталады. Коммуникацияны зерттеген ежелгі пәндер: логика (грекше logos – сөз, түсінік, ақыл-ой) ойлау формалары мен заңдылықтары туралы ғылым, риторика-ораторлық өнер жайлы ғылым.

Г.Ласуэлл коммуникация процессін субъект-объектілік қатынастар ретінде қарастырған: коммуникант (беруші субъект), хабарлама (берілетін объект), реципиент (қабылдаушы субъект). Осыған сүйене отырып, коммуникация субъектілер арасындағы бірнеше объекттермен өзара әрекетінің алуан түрі ретінде түсіндіріледі. [1]

Адамдар арасындағы өзара әрекет барысында коммуникация келесі мақсаттарды анықтайды: объекттер мен субъекттер арасындағы ақпараттармен нәтижелі алмасуды қамтамасыз ету, ақпаратпен алмасу барысында тұлғараралық қатырым-қатынасты жақсарту, басқа адамдар, топтар арасында ақпараттармен алмасуға, олардың тапсырмалары мен әрекеттерінің координациясына арналған ақпараттық каналдар жасау.

Коммуникацияның түрлері оның деңгейі немесе мазмұнына негізделген классификациясы жалпы қабылданған болып есептеледі. Осыған сәйкес келесідей коммуникация түрлерін бөледі: тұлғаралық, топтық және бұқаралық.

Дағдылар – бұл жиналған білімдер мен біліктерді адамның мақсатқа сай қолдануға негізделген, белгілі бір әрекеттерді қажетінше орындау қабілеті.

Дағдылардың қалыптасуы бірнеше кезеңдерден тұрады: біліктермен танысу, олардың мәнін саналы түрде түсіну, оларды бірінші кезекте меңгеру, оларды өзіндік және нақты орындау, яғни осылардың барлығы дағдымен аяқталады. Коммуникативті дағды – адам өмірінің кез-келген жағындағы практикалық әрекет негізі.

Коммуникативті дағды – оқу әрекетінің ұжымдық субъектісі ретінде баланың өзара әрекеті мен сөйлеу қарым-қатынасы процессін іске асыру мен ұйымдастыруға қажетті, баланың тұлғалық қасиеттерін сипаттайтын, сөйлеу қарым-қатынасы ситуациясында іске асырылатын, баланың коммуникативті мәдениетінің феномені.

Коммуникативті дағдылар коммуникация және сөйлеу қарым-қатынасы түсініктерімен тығыз байланысты. Сөйлеу қарым-қатынасын Б.Ф. Ломов, М.И. Лисина, Г.М. Андреева, А.А. Бодалев, А.А. Брудный, А.А. Леонтьев, Л.А. Карпенко және т.б. ғалымдар зерттеумен айналысқан. Заманауи әдебиеттерді коммуникация мәселесі бойынша көптеген зерттеулер бар.

А.В. Мудрик коммуникативті дағдыларды серіктерді тану (олардың ішкі күйін, мінезін сезіну), сөйлеу қарым-қатынасы барысында жағдайға бағдарлана алу (қағидаларды түсіну, байланыстарды анықтау), әртүрлі жұмыс түрлерінде (мақсаттарды қою, жоспар құру, нәтижесін талдау) жәрдем беру. [2]

Коммуникативті дағдыға әртүрлі анықтамаларды бергеніне қарамастан, ғалымдар қарапайым дағды бұл білім негізіне саналы құрылатын іс-қимыл деген қорытындыға келді. Іс-қимыл құрылымы субъектпен түрленбейді. Іс-қимыл жеткіліксіз жасалған, баяу орындалады. Қайталау нәтижесінде бұл іс-қимыл дағдыға дейін жетуі мүмкін.

Аномальді дамып жатқан баланың сөйлеу қарым-қатынасы қалыпты баланың сөйлеу қарым-қатынасы сияқты сол кезеңдерден өтеді, алайда бірқатар ерекшеліктер және тежеліп даму тән. Зияты зақымдалған балалардың сөйлеу қарым-қатынасының өзгешелігін сипаттайтын кейбір ерекшеліктерін төменде қарастырамыз.

Зият зақымдалуы бар балаларда эмоционалды және әлеуметтік-тұлғалық дамудың өзіндік сипаты байқалады.

Тұлғалық санқырлы сипаттың арасында кез-келген адами белсенділікті көрсетуге ықпал ететін эмоциялар айтарлықтай орын алады. Адамның өмірі мен әрекетін қандай факторлар айқындаса да, олар эмоционалды қарым-қатынас аясына кіріккен кезде ғана психологиялық ықпалды болады.

Интеллектуалды және эмоционалды аялардың өзара тығыз әрекеті мен ішкі бірлігі жайлы пікірді айтқан Л.С. Выготский, зияты зақымдалған баланың интеллект пен аффект арасындағы сәйкестік қалыптыдан өзгереді және бұл сипаты оның психикасының өзгешелігін түсінуде маңызды деп есептеген. [3]

Эмоционалды реакциялардың адекваттылығының бұзылысы ерте жастан көрінеді. О.П. Гаврилушкинаның зерттеулері бойынша мектепке дейінгі ұйымға келетін зият бұзылысы бар балаларда анасына деген немқұрайлық байқалады. Балалар кейде анасын танымай қалады, ересектер арасынан байқамайды. Жымию мен еркелетуге реакция бермейді. Осылайша, сөйлеу қарым-қатынасының даму бағыты ситуативті-тұлғалық формалардың қалыптастыру кезеңінде бұзылады.

Зияты зақымдалған баланың жақын үлкен адамдармен эмоционалды байланысының уақытылы емес және қиындығының болуы сөйлеу қарым-қатынасының күрделі формасының қалыптасуына кері ықпал етеді. Әдетте, барлық зияты зақымдалған мектепке дейінгі жастағы балаларда қоршаған ортаға қызығушылығының айтарлықтай төмендеуі немесе болмауы, жалпы патологиялық инерттілік болады. Оларда ойыншықтармен бірге әрекет кезінде үлкен адамдармен сөйлеу қарым-қатынасына уақытылы өту болмайды, сәби кездегі жасына сай – ситуативті-іскерлік формасы, сөйлеу қарым-қатынасының жаңа формасы пайда болмайды. Осылайша, аталмыш категориядағы балаларда «біз» жүйесін қалыптастыру процессі тежеледі. Қоғамдық тәжірибені меңгеру тәсілдері көпқырлы, мұнда: ересек адамның баламен ортақ әрекетін, мәнерлі жесттерді қолдану, әсіресе нұсқау, ересек адамның әрекетіне еліктеу, үлгі бойынша әрекет жасау.

Осының салдарынан «Біз» жүйесінен өзіндік «Менінің» бөлінуі тек уақытынан кешігу ғана емес, сонымен қатар спецификалық ерекшеліктеріне ие болады. Мектепке дейінгі жастың бастапқы кезінде қалыпты дамып жатқан баланың өзіндік «Менін» саналы түсінуі 3 жастан басталады, ал ақыл-ой бұзылысы бар балаларда бұл жаста ешқандай тұлғалық көріністері болмайды, оның мінез-құлқы еріксіз сипатта болады. Төрт жастан кейін зияты зақымдалған балаларда айналасындағыларға қызығушылық пайда болады, заттармен элементарлы әрекеттер қалыптасады, өзін-өзі түсінудің алғашқы белгілері пайда болады, сынауларға, сәтсіздіктерге негативті реакция ретінде көрінетін өзіндік «Менін» бөле бастайды. Сәтсіздіктерге жүйелік уайым тұлғаның патологиялық жақтарының қалыптасуына алып келеді – түрлі әрекеттерден бас тарту, пассивтілік, тұйықтық, агрессивтілік немесе керісінше үлкендер немесе мықтылардың қасында жалтақтау. Жағымпаздану, негативизм, ашулану пайда болады.

Зияты зақымдалған бала ұзақ уақыт құрдастарына өзара әрекет объект ретінде қарамайды, сол себепті кооперативті біліктерді, тұлғааралық өзара әрекет құралдарын меңгеру баяу және қиындықпен келеді.

Д.И. Аугене жүргізген зерттеулерге негізделсек, зияты зақымдалған мектепке дейінгі жастағы балалардың ұйымдастырмаған ойын әрекеті жағдайында көбінесе сөйлеу қарым-қатынасының екі түрін қолданады. Зият зақымдалуы бар мектепке дейінгі жастағы балалардың көпшілігіне сөйлеу қарымқатынасының ситуативті тыс-таным формасы тән, қалған балалар одан қарапайым түрі – ситуативті-іскерлік формаға жүгінеді. Оларда, қалыпты дамып жатқан құрдастарына тән, сөйлеу қарым-қатынасының ситуативтіден тыс-тұлғалық формасы кездеспейді.

Мектепке дейінгі жастағы зияты зақымдалған балалардың коммуникативті біліктерінің қалыптасуына олардың мотивациялық-қажеттілік аяларының қалыптасуының бастапқы кезеңінде болатыны да ықпал етеді. Олардың қызығушылығы орындалып жатқын әрекеттің қызықты, қарқыны аз, терең емес, біржақты, ситуативті, дифференциалданбаған және тұрақсыз болуымен тығыз байланысты және қызығушылығының басым көпшілігі физиологиялық қажеттіліктермен шақырылады. Балалар, әдетте жақын мотивтерді басшылыққа алады. Көптеген зерттеушілер зияты зақымдалған балаға танымға деген қызығушылықтың болмайтынын атап өткен. Олардың импульсивті реакциялары белгілі бір нысанға қызығушылық ретінде бағаланбайды.

Бұл балаларда дұрыс мінез-құлықтың қалыптасуы айтарлықтай қиындықтар тудырады. Оларға тән интеллектуалды жетіспеушілік пен өмірлік тәжірибесінің аздығы ситуацияны адекватты түсіну мен бағалауда қиындықтар келтіреді. Жүйке процесстерінің инерттілігі қалыптасқан жағдайға жиі сәйкес келмейтін реакциялардың стереотиптілігіне ықпал етеді. Зерттеушілердің бірқатары зияты зақымдалған балалардың инициативтілігінің жетіспеушілігін, өзінің әрекеттерін басқара алмайтынын, қандай да бір алыс мақсаттарға сай әрекет ете алмау тән екенін атайды.

Л.С. Выготский, «өзінің мінез-құлқын басқарудың кемістігінде зияты зақымдалған баланың барлық жетіспеушілігінің басты көзі жатыр» деген. [3].

Өзбетінділіктің болмауы, инициативтің болмауы, өз әрекеттерін басқара алмау, кішкентай кедергілерді жоя алмау, кез-келген ықпалға қарсы тұра алмау Г.Е. Сухарева ойынша қарама қарсы қасиеттердің белгілері болып табылады. Осылайша, зияты зақымдалған балалар белгілі бір жағдайларда қиындықтарды жою, тіпті мінез құлқын ойластыру сынды біліктерді көрсетеді. Мұндай мінез-құлқтың жанамалығы өз әрекетін жасыру немесе қандай да бір эгоистті ниетін қанағаттандыру үшін жасалуы мүмкін.

Л.С. Выготский тұлғаның ересек болмауы, өзін-өзі ұстау мен сыртқы әсерді саналы түрде ойлау сыртқы әсерлерге деген жұпыны, тікелей реакциялардың мол болуына алып келеді. Ол жұпыны реакцияларға қарапайым үзіліссіз болатын қатты аффекттер қатарын (ашу), сондай-ақ «қысқа тұйықталу», яғни бұтын тұлғағадан жанап өтіп, тікелей адекватты емес әрекетке өтетін аффективті импульстерді жатқызады. [3].

Л.М. Шипицына ойынша зият зақымдалуы бар балалар оқытудың бастапқы кезеңдерінде, әдетте, өзара сөйлесе алмайды, тіпті оларда әрекеттің ұжымдық түрі қалыптаспағандықтан сөйлеу қарым-қатынасына деген қажеттілік те болмайды. Алайда, ересек адамдармен сөйлеу қарым-қатынасына түсу қажеттілігі және қажеттіліктерін жүзеге асыру тәсілдері барлық балаларда бар. Балалар ересектерге әр түрлі өтініштер айтумен қарым-қатынасқа түседі. Бала мен педагогтың сөйлеу қарым-қатынасына түсуі үнемі сабақ барысында болады. Ересек адамдармен сөйлеу қарым-қатынасы және заттық әрекеттің дамуы балалар арасындағы сөйлеу қарымқатынасының алғышарттарының пайда болуына алып келеді. Алайда ересектер арнайы бұл процессті басқармаса жоғарыда аталған алғышарттар іске аспайды. Баланың сөйлеу қарым-қатынасына түсу қажеттілігі пайда болатын ситуацияларды жасау керек, сосын сөйлеу қарым-қатынасының адекватты құралдарын айту керек. [4]

Зият зақымдалуы бар балалардың сөйлеу тілдік коммуникациясының ерекшеліктері олардың таным әрекетінің терең бұзылысында, жалпы психиканың аномальды дамуында көрінетін сөйлеу тілінің бұзылыстарының спецификасымен байланысты. Зерде бұзылыстары бар оқушылардың ауызша сөйлеу тілінің ерекшеліктерін А.К. Аксенова, М.Ф. Гнездилов, А.Г. Зикеев, Р.И. Лалаева, В.Г. Петрова және т.б. ғалымдар зерттеген.

Арнайы әдебиеттерде зияты зақымдалған балалар есту қабілеті зақымдалмаған, сөйлеу тілі органдарының аномалиясы болмаса да қалыпты дамып жатқан құрдастарына қарғанда сөйлеу тілін айтарлықтай кеш меңгеретіні жайлы мағлұматтар кең ұсынылған. Зият зақымдалуы бар оқушылардың даму ерекшеліктерін қарастырған зерттеулерде бұл балалар алғашқы сөзін бір, бір жарым жаста емес, тек үш, төрт тіпті бес жаста пайда болатынын көрсететін көптеген фактті материалдар бар. Одан бөлек, зият зақымдалуы бар балалардың қолданысында сөйлемді кіріктіруі де қалыпты дамып жатқан балаға қарағанда кешірек болады. Қысқа аграмматикалық фразалар бес-алты жасқа қарай пайда болады. Психологтардың пікірінше бұл фразаға өтуі баланың сөйлеу тілінің даму деңгейін бағалауда алғашқы сөздеріне қарағанда көрсеткішті болып табылады.

Бұл топтағы балаларда алғашқы сөздердің пайда болуы мен сөйлемдерді қолдану интервалының арасы нормадан ұзақ. Зияты зақымдалған балалардың тек белсенді сөйлеу тілі ғана кешеуілдемейді. Олар өздерінің қалыпты құрдастарынан өздеріне қаратып айтылған сөйлеу тілін әлдеқайда нашар түсінеді. Ересектердің сұрақтары, талаптары, түсіндіру мен бағыт беруі олардың өмірінде сәл басқа, ықпалы төмен рөлде болып табылады. Егер сөйлесушінің сөздері ұзақ болса, онда балалар тез шаршап, тыңдамай қояды. Бұл балалардың зейінін қарататын, ересектің нені қалайтынын түсіндіретін нақты сүйеніштер болмаған кездері айқын көрінеді. А.А. Катаева, Е.А. Стребелева зерде бұзылыстары бар балаларға нұсқауда берілген сөздердің барлығы түсінікті болмайтынын атайды. Олар затты анықтайтын сөз мағынасын, оның қасиеттерін, кеңістікте орналасуын немесе заттар арасындағы немесе сөздер арасындағы қатынасты, әрекетті білдіретін сөздер, әрекет бағытын білдіретін сөздерді жеткілікті түрде түсінбейді. Зият зақымдалуы бар балалар әсіресе әрекеттің реті мен тәсілдерін сипаттайтын нұсқауларды нашар қабылдайды. Қалыпты балаларда сөйлеу тілінің жоспарлаушы функциясы бесалты жаста пайда болады. Зият бұзылыстары бар балаларда мектепке дейінгі жаста арнайы түзету жұмысынсыз мүлдем пайда болмайды.

Зият бұзылыстары бар балаларға төрт жастың соңына қарай экспрессивті және импрессивті сөйлеу тілінің тежелуі тән. Р.И. Лалаева бұл балаларда сөйлеу тілінің бұзылыстары жүйелі сипатқа ие, яғни сөйлеу тілі бүтін функционалды жүйе ретінде зардап шегеді деп тұжырымдайды. Ақылой бұзылысы кезінде сөйлеу тілінің барлық компоненттері бұзылады: оның фонетикалық-фонематикалық жағы, лексикалық жағы, грамматикалық қатары. Автордың пікірі бойынша бұл топтағы балаларда сөйлеу тілінің жүйелі жетіспеушілігі түрлі деңгейде көрінуі мүмкін.

Зият бұзылыстары бар балалардың лексикасының ерекшеліктеріне сөздік қордың кедейлігі, сөздерді қолданудағы нақтысыздық, сөздік қорды белсендендірудегі қиындықтар, сөз мағынасының құрылымының қалыптаспауы, семантикалық алаңды ұйымдастырыру процессінің бұзылыстары жатады. Сөйлеу тілінің грамматикалық жағының жетіспеушілігі сөйлеу тілінде қарапайым синтаксистік құрылымдардың басым болуынан, сөзжасам мен сөз өзгертудің морфологиялық формасының жеткіліксіз қалыптасуынан көрінеді. Мектеп кезінде олар айтқысы келгенді білетін адамдарға ғана түсінікті болатын ситуативті сөйлеу тілін жиі қолданады. Көбінесе оқиғалардағы адамдар мен оқиға орны есімдіктермен алмастырады, бұл сөйлеу тілін кедейлетіп қана қоймай, сонымен қатар оны түсініксіз етеді. Кейде бұл балалар сөйлеп бастағанда фразаның соңын ойластырып үлгермей, басындағы сөздермен келіспейтін сөздермен ақтайды.

В.Г. Петрова зият бұзылыстары бар оқушылардың сөйлеу тілдік әрекетінде барлық операциялары қалыптаспағанын атайды, мәселен: сөйлеу қарым-қатынасына деген қажеттілік төмендеген, сөйлеу тілдік әрекетін бағдарламалау, сөйлеу тілдік бағдарламаны іске асыру, сөйлеу тілін бақылау терең бұзылған; алдын ала ойлаған оймен алынған нәтиженің үйлесімі, оның мотивке мен сөйлеу тілдік әрекеттің мақсаты сәйкес келуінде қиындықтардың болуы. [5]

Жоғарыда аталғандарға негізделе отырып, зияты зақымдалған балалардың тек сөйлеу тілі кешеуілдеп дамуымен қатар, айтарлықтай ауытқулармен дамиды деп тұжырымдауға болады. Демек, тек сөйлеу тілдік тежелу емес, сондайақ аномальды сөйлеу тілдік даму осы топтағы балаларға тән.

Зерде бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілдік коммуникациясы көбінесе олардың интеллектуалды және тұлғалық ерекшеліктерімен жанамаланады.

Ж.Н. Головина элеуметтік сипаттағы қажеттіліктердің нашар дамуы, мектепке дейінгі жастың соңында балаларда жеткілікті сөздік қор мен қанағаттанарлық дәрежеде сөйлеу тілін түсіну болса да сөйлеу қарымқатынасының құралдарын қиындықтармен меңгеретінін айтады. [6]

Д.И. Бойковтың пікірінше бұзылыс сипатымен шартталған, онтогенетикалық даму барысындағы айтарлықтай ауытқулар сөйлеу қарым-қатынасының толыққанды және уақытылы дамуына айтарлықтай кедергі келтіреді. Бұл мектепке дейінгі жастағы зият бұзылысы бар балаларда кемістікпен қалыптасады, оның мотиві негізінен балалардың органикалық қажеттіліктерінен туындайды. Айналасындағылармен сөйлеу қарым-қатынасына деген қажеттілік, әдетте физиологиялық қажеттіліктерден басталады. Аталған автор сөйлеу тілдік коммуникацияны сөйлеу қарым-қатынасының ерекше түрі ретінде қарастырады, бірақ коммуникативті актілердің «сөйлеу тілдік» құрамы арнайы қарастырылмаған. Д.И. Бойковтың мағлұматтары арнайы VIII түрдегі мектептің 2-3 сынып оқушыларының коммуникативті біліктерінің сипаты жайлы. Автор зияты зақымдалған оқушылардың коммуникативті процесстегі бірқатар кемшіліктерді бөледі: сыртқы бағытталған жоғары деңгейдегі агрессия, әсіресе құрдастырына агрессия, кикілжінді жағдайларды шешуде өзбетінділіктің төмен деңгейі. Сонымен қатар, автор бұл топтағы оқушылардың оперативті коммуникативті құралдардың, яғни тікелей хабарламаны беруге тікелей бағытталу әрекеттерінің қалыптасуы төмен деңгейде екенін атайды. Жас ұлғая келе жағдай жақсы жаққа қарай өзгереді, алайда зият бұзылыстары бар балалардың сөйлеу қарым-қатынасының көрсеткіштері психикалық дамуы тежелген баланың көрсеткіштеріне қарғанда төмен болады. Д.И. Бойковтың зерттеулерінен алынған нәтижелер бойынша баланың сөйлеу қарым-қатынасына қатысты тұлғасының дамуында ауытқуды тудыратын жетекші фактор ретінде баланың коммуникациясындағы позициясының бағытының жетіспеушілігінде және коммуникативті әрекеттің құралдарын, әсіресе оперативті құралды жеткіліксіз меңгеруі деп айтуға болады. Бұл фактордың үйлесімі, негізінен баланың сұхбаттасушы мен коммуникацияға деген қарым-қатынасының көрінісі болып табылады. [7]

С.Я. Рубинштейн зият зақымдалуы бар балалардың сөйлеу тілдік формалардың тым баяу жасалуымен қатар сөйлеу тілдік шығармашылықта өзбетінділіктің болмуы, сөйлеу белсенділігінің төмен болуы мен сөйлеу қарым-қатынасының кедейлігін атайды. [8]

В.Г. Петрова зият зақымдануы бар балалар өзара аз сөйлесетінін атайды. Тіпті ойын кезінде бір-бірімен сөйлесе отырып, олар сөйлеу тілін жеткіліксіз қолданады, қандай да бір әрекетті орындауға түрткі болатын талқылау мен әңгімелесуді жеке сөздермен алмастырады. Кейбір жағдайларда оқушылар сөзбен жауап берудің орнына басын изеп немесе басқа мәнерлі қимылмен көрсете салғанды жөн көреді. Зияты зақымдалған оқушылардың басқа балалармен де ересектермен де сөйлеу қарым-қатынасы шектеулі ғана емес, сондай-ақ қажет белсенділіксіз, солғын өтеді. Сөйлеу қарым-қатынасының бұзылысы өз кезегінде бұл балалардың таным әрекетінің дамуын тежейді.

Н.Л. Коломинскийдің пікірінше зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы мектеп белгілі бір білім, кәсіби білік, дағды және әдеттермен қатар сөйлеу қарым-қатынасының біліктері мен дағдысын қалыптастыруға міндетті, бұл балалардың тұлғасы мен психикасының дамуында үлкен рөлге ие.

Осылайша, зият зақымдалуы бар балалардың сөйлеу қарым-қатынасының ерекшеліктерін қарастырған бірқатар зерттеулерде бұл процесстің заңдылықтары мен құрылымының қалыпты және патология кезінде ортақ екендігін тұжырымдайды. Сонымен қатар, авторлар зият зақымдалуы кезінде ақыл-ой бұзылысымен шартталған коммуникативті әрекеттің спецификалық өзгешелігі байқалатынын атайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лассуэл Г. *Экспрессия человека: общение и межличностное познание* / Г. Лассуэл. – Москва н/Д: Финто, 1999. – С. 608.
2. Мудрик, А.В. *Общение в процессе воспитания [Текст]: учеб. пособие* / А. В. Мудрик. – М. : *Пед. общество России*, 2001. – С. 319.
3. *Выготский, Л.С. Собрание сочинений : в 6 т. – М. : Педагогика, 1983. – Т 5 : Основы дефектологии / Л.С. Выготский ; гл. ред. А. В. Запорожец – С. 369.*
4. Шипицына, Л.М. *«Необучаемый» ребенок в семье и обществе. Социализация детей с нарушением интеллекта* / Л.М. Шипицына. – СПб. : *Дидактика Плюс*, 2002. – С. 496.
5. Петрова, В.Г. *Развитие речи учащихся вспомогательной школы* / В.Г. Петрова. – М.: *Педагогика*, 1977. – С. 200.
6. Головина, Ж.Н. *Некоторые особенности общения со взрослым детьми дошкольного возраста с нарушениями умственного развития* / Ж.Н. Головина // *Обучение и воспитание умственно отсталых детей и подростков: Сб. ст. – Иркутск, 1989. – С. 8-13.*
7. Бойков, Д.И. *Общение детей с проблемами в развитии : коммуникативная дифференциация личности : учебно-методическое пособие* / Д.И. Бойков. – СПб.: *Каро*, 2005. – С. 288.
8. Рубинштейн С.Я. *Психология умственно отсталого школьника* / С.Я. Рубинштейн. – М. : *Просвещение*, 1979. – С. 192.